

# aceline

*Пайдаланушы нұсқаулығы*



**TWS гарнитурасы  
Aceline Basic Lite**

## **Құрметті сатып алушы!**

«Aceline» сауда маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта қолданғанда, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

**Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:**





<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Aceline TWS гарнитурасы Bluetooth сымсыз байланыс технологиясымен жабдықталған, оның арқасында сіз кабельді қолданбай музыка тыңдай аласыз.

## **Сақтық шаралары**

1. Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін гарнитураны қауіпсіз дыбыс деңгейінде пайдаланыңыз.
2. Құрылғыны су мен экстремалды температура әсеріне ұшыратпаңыз.
3. Құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз. Бұл гарнитurada пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ.
4. Кейсті зарядтау аяқталғаннан кейін аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімін қысқартпас үшін, зарядтау кабелін алыңыз.
5. Гарнитураны қатты кедергі болатын жерлерде қолданбаңыз.

## Құрылғының сұлбасы



1. Микрофон.
2. LED индикаторы.
3. Көпфункционалды батырма.
4. Құлаққаптың зарядтау түйіспелері.
5. Кейстің зарядтау түйіспелері.
6. Заряд деңгейінің LED индикаторлары.
7. Кейс зарядтауға арналған MicroUSB-порт.

## **Пайдалану нұсқаулығы**

### **Іске қосу**

Құлаққапты кейстен алыңыз, сонда олар автоматты түрде қосылады немесе екі құлаққаптағы көпфункционалды батырмаларды 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

### **Өшіру**

Құлаққапты кейске салыңыз, сонда олар автоматты түрде қосылады немесе екі құлаққаптағы көпфункционалды батырмаларды 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

### **Қайта жұптастыру**

Келесіде қосқанда гарнитура автоматты түрде соңғы жұптастылған құрылғыға қосылады.

## **Ойнату/кідірту**

Ойнатуды бастау үшін кез-келген құлаққаптың көпфункционалды батырмасын басыңыз. Ойнату кезінде кідірту үшін батырманы қайта басыңыз.

## **Тректерді ауыстыру**

Келесі трекке өту үшін оң жақ құлаққаптағы көпфункционалды батырманы қатарынан екі рет басыңыз. Алдыңғы трекке өту үшін сол жақ құлаққаптағы көпфункционалды батырманы қатарынан екі рет басыңыз.

## **Дыбыс деңгейін реттеу**

Дыбыс деңгейін азайту үшін сол жақ құлаққаптағы көпфункционалды батырманы үш рет басыңыз.

Дыбыс деңгейін арттыру үшін оң жақ құлаққаптағы көпфункционалды батырманы үш рет басыңыз.

## **Қоңырауға жауап беру**

Қоңырауға жауап беру үшін қоңырау келген кезде кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы басыңыз.

## **Қоңырауды аяқтау**

Сөйлесу кезінде қоңырауды аяқтау үшін кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы басыңыз.

## **Қоңырауды басып тастау**

Қоңырау келіп түскен кезде, қоңырауды қабылдамау үшін кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы 2 секунд бойы басып тұрыңыз.

## **Дауыстық көмекшіні іске қосу**

Дауыстық басқаруды іске қосу үшін кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

## **Зарядтың төмен деңгейі туралы хабардар ету**

Батарея заряды төмен деңгейде болған кезде, құрылғы толықтай заряд таусылғанға дейін әр 2 минут сайын дыбыстық сигнал шығады, содан кейін өшеді.

## **Қалпына келтіру**

Үшін кез келген құлаққаптағы көпфункционалды батырманы 8 секунд бойы басып тұрыңыз.

## Жұптастыру

1. Құлаққаптарды кейстен алыңыз немесе құрылғыны қосу үшін екі құлаққаптағы көпфункционалды бақырмаларды 3 секунд ұстап тұрыңыз. Индикатор шамдары кезек-кезек қызыл және көк болып жыпылықтайды. Құлаққаптар автоматты түрде бір-бірімен жұптасады. «Жетекші» оң жақ құлаққаптағы индикатор шамы кезек-кезек қызыл және көк түспен, ал сол жағында - көк түспен жыпылықтайды.
2. Мобильді құрылғыңызда Bluetooth іске қосыңыз.
3. Қосылу үшін қолжетімді Bluetooth құрылғыларын іздеңіз, алынған тізімнен «Basic» таңдаңыз.
4. Құрылғының атауын нұқып, байланыс орнатыңыз, оң жақ құлаққап-

тан дыбыстық сигнал шығады, екі құлаққаптағы индикатор шамдары сөнеді. Оң жақ құлаққап «жетекші» болып табылады.

5. Құлаққаптардың әрқайсысын сигнал шығатын құрылғымен бөлек жұптастыруға болады. Бір құлаққапты қосу үшін жоғарыда сипатталған әрекеттерді бір құлаққаппен орындаңыз.

### **Кейсті зарядтау**

MicroUSB кабелінің бір ұшын қуат беру құрылғысының USB портына, ал екіншісін зарядтау кейсінің сәйкес ағытпасына қосыңыз. Кейстегі 4 индикатор шамдары ағымдағы заряд деңгейін көрсетеді:

- 1: 0-25 %.
- 2: 25-50 %.
- 3: 50-75 %.
- 4: 75-100 %.

## **Құлаққапты зарядтау**

Құлаққаптарды зарядтағыш кейске салыңыз, зарядтау автоматты түрде басталады. Құлаққаптағы индикатор шамы зарядталып жатқанда қызыл болып жанады және зарядтау аяқталған кезде сөнеді.

## **Жиынтықтамасы**

- TWS гарнитура Aceline Basic.
- Зарядтағыш кейс.
- MicroUSB кабелі.
- Ауыспалы амбушюрлар (6 дн.).
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: Basic Lite.
- Қуаттау параметрлері: 5 В, 1 А.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Қолдаулы профильдер: HFP, HSP, A2DP, AVRCP.
- Bluetooth сигналының радиусы: 10 м дейін.
- Сезімталдығы: 95 дБ ± 3 дБ.
- Құлаққап аккумуляторы: 3,7 В, 35 мА/сағ.
- Кейс аккумуляторы: 3,7 В, 200 мА/сағ.
- Ойнау режимінде жұмыс істеу уақыты: 2 сағатқа дейін.
- Сөйлесу режимінде жұмыс істеу уақыты: 2 сағатқа дейін.
- Күту режимінде жұмыс істеу уақыты: 80 сағатқа дейін.
- Гарнитураны зарядтау уақыты: 1,5 сағатқа дейін.
- Кейсті зарядтау уақыты: 1,5 сағатқа дейін.
- Кейстің заряды гарнитураның 3 зарядтау цикліне жеткілікті.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары**

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында  $5^{\circ}\text{C} \dots 40^{\circ}\text{C}$  аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес

сатылуы тиіс.

- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.



## **Кепілдемелік міндеттемелер**

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

The logo consists of the letters 'EAC' in a bold, black, sans-serif font. The letters are closely spaced and have a slightly irregular, hand-drawn appearance.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Дунгуань Мойин Акустик Ко., Лтд

Жэюань өнеркәсіптік паркі, №28, Н ғим.,  
2 қабат, Цинтан тас жолы, Юганьпу ауылы,  
Фэнган, Дунгуань қ., Гуандун пров, Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее  
претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан,  
р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,  
Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар  
қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,  
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



